

М.М. ДУРУМБЕТОВА, Ж.И. РЫСБАЕВА, Г.А. ДУЙСЕНБИЕВА  
ЭДЖУАЙС-ТЕХНИКАНЫ ҚОЛДАНУДАҒЫ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ АСҚЫНУЛАРЫНЫҢ ТАРАЛУЫ

**Түйін:** Балаларда шектеусіз жасына қарамай брекет жүйесін кеңінен қолдану көптеген асқынуларға алып келеді, яғни 10 мен 14 жас аралығында брекет жүйесін қолданған жасөспірімдердің анализ нәтижесі ауыз қуысының нашар гигиенасын, тіскегі және оның асқынуларын, пародонт қабынуын, сүйек тінінің сорылуын көрсетті.

Негізгі алдын алу шаралары бұл гигиеналық үйрету, реминералдаушы терапия, алынбалы ортодонтиялық техниканы қолдану болып саналады.

**Түйінді сөздер:** эджуайс-техникасы, асқыну, тіскегі, пародонтит, гигиеналық индекс.

M.M.DURUMBETOVA, J.I.RYSBAEVA, G.A. DUISENBIEVA  
AGE FEATURES APPLICATIONS EDJUAYS-TECHNICS AND COMMON COMPLICATIONS

**Resume:** Widespread use of braces in children without age restrictions leads to complications, so the analysis of adolescents from 10 to 14 years using a bracket system revealed poor oral hygiene, dental caries and its complications, periodontal disease, bone resorption.

The main preventive measures are hygienic training, remineralize therapy, the use of removable orthodontic appliances.

**Keywords:** edjuays-technics, complications, caries, periodontal disease, hygiene index.

УДК 616.314-089.27:615.471:616.314-7

Ж.А. НУРПЕИСОВ, Г.Н. КОШИМБАЕВА, А.С. МАХМУТОВА, ОМАРОВА Д.Б., Н.К. ИЗТЛЕУОВА, Н.Г. САПАЕВА  
ҚазҰМУ, терапиялық стоматология модулі

## ТҮРБІР ӨЗЕГІНІҢ ЖҰМЫСШЫ ҰЗЫНДЫҒЫН АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ СЫЗҒЫШ – ШАБЛОН

Тістің жұмысшы ұзындығын өлшемей сапалы эндодонттық ем жүргізу мүмкін емес. Жұмысшы ұзындықты дұрыс анықтау түбір өзегінің толық пломбыланбай қалуын немесе материалдың цемент-дентин байланысына қарай шығып кетуін алдын алады. Интердәрігерлердің зерттеу жұмысының мақсаты тістің жұмысшы ұзындығын тез арада анықтайтын және өлшейтін ыңғайлы стандартты шаблонды жасау және апробациялау болып табылады. Шаблонға әр тістің орташа, минимальды, максимальды ұзындықтары стандартты есептелген көрсеткіштермен сызылған. Сызылған көрсеткіштер ұзындықтардың ең төменгі бұрмалашылдығы болуы себебінен арнайы миллиметрлік қағаздан жасалды. Шаблонның жоғарғы бөлігінде тіс формуласы және әр тіске сәйкес тістердің ұзындықтары көрсетілген. Шаблон келесідей мөлшерді құрайды: ұзындығы - 12 см, ені – 55 см.

Дәрігер-интерндермен құрастырылған (жасалған) арнайы сызғыш – шаблонмен эндодонттық ем кезінде түбір өзегінің жұмысшы ұзындығын анықтадық. Қолданыстағы ыңғайлылығы, дайындаудың қарапайымдылығы көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** эндодонттық ем, тістің түбір өзегінің жұмысшы ұзындығын анықтауға арналған сызғыш-шаблон, тістің түбір өзегінің стандартты ұзындықтары.

**Өзектілігі.** Терапевт-стоматологтар 90% жұмыс уақытын эндоттық емге жоғалтатыны бізге бүкіл әлемдік тәжірибе белгілі [1,5,6]

Соңғы уақыттарда одонтогендік қабыну аурулары санының өсуі байқалады [2]. Себептердің анализін анықтау барысында ертеректе емделген тістердің оңтайлы нәтижесі 70% аспайды, осындай себептер одонтогендік инфекцияның пайда болу көзі болып табылады [3]. Осындай жағдайларды туындататын бірнеше себептерді айта кету керек, дәрігерлердің техникалық жабдықталуының жеткіліксіздігі, қаржылық қиындықтар, заманауи құрал-жабдықтар мен емдеу әдістер туралы ақпараттардан хабарлар болмауы.

Тістің жұмысшы ұзындығын өлшемей сапалы эндодонттық ем жүргізу мүмкін емес. Тістің жұмысшы ұзындығы дегеніміз – күрек тістердің немесе сүйір тістердің кесу қырларынан немесе моляр және премолярдың шайнау беттерінен физиологиялық тарылуға дейінгі ұзындық [6].

Жұмысшы ұзындықты дұрыс анықтау түбір өзегінің толық пломбыланбай қалуын немесе материалдың цемент-дентин байланысына қарай шығып кетуін алдын алады.

**Жадиһаттар мен әдістер.** Осы мәселе заманауи қымбат ортопедиялық емде және реставрациялық жұмыстарда ерекше маңыздылыққа ие болды, бұл кезде дәрігер ертеректе жасалған эндодонттық емнің сапасына сенімді болуы тиіс [7].

Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты тістің жұмысшы ұзындығын тез арада анықтайтын және өлшейтін ыңғайлы

стандартты шаблонды жасау және апробациялау болып табылады.

Тістің жұмысшы ұзындығын анықтайтын бірнеше белгілі әдістер бар:

1. «Қағаз штифт әдісі» (bleeding point) құрғатылған тістің түбір өзегіне қағаз штифттерді штифттің ұшы тіндік сұйықтықтан дымқыл болғанша енгізу арқылы анықталады. Штифттің ұшының дымқыл болуы штифттің түбір ұшы тесігіне дейін жеткенімізге күәлік етеді, ал осындай қағаз штифттің ұзындығы тіс түбірінің жұмысшы ұзындығы ретінде болады [3].

2. Өңделіп жатқан тістің орташа жұмысшы ұзындығына сәйкес, стопорды белгілеген жерге орналастыру. Түбір өзегіне аспапты тірелгеннен кейін, стопор тістің кесу қырына және шайнау бетіне дейін жетеді, сол кезде аспаптың ұшы түбір ұшы тесігінің деңгейінде болады. Есте сақтаған жөн, егер 2 мм дейін жетпей немесе асып кету қалыпты жағдай болып саналады, бұл тістің жеке дара өлшемдерімен байланысты.

3. Қазіргі кезде тістің жұмысшы ұзындығын рентгенологиялық әдіспен өлшеу ең кең таралған және сенімді әдіс болып саналады. Бұл әдіс түбір өзегіне стопоры бар эндодонттық аспапты еңзіп, рентген суретін алуға негізделген.

4. Электрометриялық әдіс электрондық апекс локациялық көмегімен жасалынады. Бұл аспаптардың әсер ету қағидасы ауыз қуысы кілегей қабығының және тістердің қатты тіндерінің электрлік қарсыласуының айырмашылығын өлшеуге негізделген.

Жиі жағдайда түбір өзектердің апикальды бөлігі қиын өтеді, сол себепті жоғарыда келтірілген бірінші әдіс ешқандай қателіктерге ие емес. Екінші әдіс - кестедегі берілгендердің көмегімен түбір өзегінің жұмыс ұзындығын барынша дәл анықтауға мүмкіндік береді. Көп реттік өлшеу нәтижелері әрбір тіс топтарының түбірлерінің және тіс ұзындықтарының орта мәнін және олардың максималды және минималды ауытқуларын бекітуге мүмкіндік береді.

Рентгенологиялық әдіс ең алдымен көп мөлшерде сәуле дозасын қабылдаумен байланысты. Эндодонтиялық ем жүргізу үрдісінде дәрігер-стоматологқа рентгендік зерттеуді бірнеше

рет жүргізуді талап етеді. Кейбір стоматологиялық кабинеттерде рентгенологиялық құрылғы болмауы да мүмкін.

Шаблонға әр тістің орташа, минималды, максималды ұзындықтары стандартты есептелген көрсеткіштермен сызылған. Сызылған көрсеткіштер ұзындықтардың ең төменгі бұрмалашылдығы болуы себебінен арнайы миллиметрлік қағаздан жасалды. Шаблонның жоғарғы бөлігінде тіс формуласы және әр тіске сәйкес тістердің ұзындықтары көрсетілген. Шаблон келесідей мөлшерді құрайды: ұзындығы - 12 см, ені – 55 см.





Сурет 1 - Эндодонтиялық сызғыш-шаблон

Бастапқы кезеңде шаблонның көмегімен түбір өзектері тістің орташа ұзындығына дейін дайындалған, одан кейін түбір өзегіне еңгізілген гуттаперчаны рентгенологиялық зерттеу арқылы гуттаперчаның қандай деңгейде екені анықталған.

Эндодонтиялық емдеу барысында тістің жұмысшы ұзындығын анықтау үшін рентгенологиялық зерттеу

жүргізілді, рентгенологиялық көрсеткіштер есептік көрсеткіштерге сай болып анықталды (Сурет 2).

**Қорытынды.** Қорытындылап айтқанда, дәрігер-интерндердің жасаған сызғыш-шаблонның қолдану түбір өзектерінде жұмыс жасауды ыңғайлы етеді, оның жасалуы қиынға түспейді және бастаушы дәрігер-стоматологтарға қолжетімді.



Сурет 2 - Шаблон мен өлшеген түбір ұзындығын рентген сурет арқылы салыстырап тексеру

Эндодонтиялық сызғышты қолданып тістің жұмысшы ұзындығын өлшеп тістің жұмысшы ұзындығын рентгенологиялық өлшеу әдісімен салыстырып көрдік. Нәтижесінде айырмашылығы 0.2 – 0.4 мм ғана болып шықты.

Бұл сызғыштың жоғарыда айтылғандай ыңғайлы, тиімді әрі өлшеу кезінде дәл сай келетінін тағы да атап өтуге болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Дубова М.А., Шпак Т.А., Корнетова И.В. Современные технологии в эндодонтии // - СПб:2005.- 94 с.
- 2 Антонова Л.П., Ровнягина Л.И. Ошибки и осложнения эндодонтического лечения /DentistҚазақстан, 2007. - №1.- С.40-43
- 3 Нечаенко А.Н. Сравнительная оценка эффективности применения электронных апекс-локаторов в стоматологической практике // автореферат дисс. к.м.н. - М.: 2007.
- 4 Горячев Н.А. Консервативная эндодонтия. – Казань: Медицина, 2002. – 141с.
- 5 Боровский Е.В. Практическая эндодонтия. - М.: 2004. -285 с.
- 6 Петрикас А.Ж. Пульпэктомия. – Тверь: 2006. - 300 с.
- 7 Л.Тронстад. Клиническая эндодонтия. - М.: Медпресс-ИНФОРМ, 2009. - 286 с.

**Ж. НУРПЕИСОВ, Г. КОШИМБАЕВА, А. МАХМУТОВА, Д. ОМАРОВА, Н. ИЗТЛЕУОВА**  
ПРИМЕНЕНИЕ СПЕЦИАЛЬНОГО ШАБЛОНА–ЛИНЕЙКИ ДЛЯ ОПРЕДЕЛЕНИЯ РАБОЧЕЙ ДЛИНЫ КОРНЕВОГО КАНАЛА

**Резюме:** Невозможно проводить качественное эндодонтическое лечение не измерив рабочую длину корня. Правильно измеренная рабочая длина корневого канала предотвращает неполное пломбирования корневого канала и выведение пломбировочного материала за верхушку корня. Целю данной работы является точное определение и измерение рабочей длины корня за короткое время и его апробация. На шаблон нанесены стандартные расчетные показатели длин каждого зуба - средние, минимальные и максимальные. Линейку изготовили из миллиметровой бумаги для того, чтобы нанесенные показатели были с наименьшим искажением длины. В верхней части шаблона указаны формулы зубов и соответственно каждому зубу нанесены длины этих зубов. Шаблон имеет следующие размеры: длина - 12 см, ширина – 5,5 см.

С помощью специального шаблона-линейки, разработанной врачами-интернами определяли рабочую длину корневого канала зубов при эндодонтическом лечении. Показаны удобство в применении, простота в изготовлении.

**Ключевые слова:** эндодонтическое лечение, шаблон-линейка для измерения рабочей длины канала зуба, стандартные длины корневых каналов зубов.

**J. NURPEISOV, G. KOSHIMBAEVA, A. MAHMUTOVA, D. OMAROVA, N. IZTLEUOVA**  
USING A SPECIAL PATTERN - LINE FOR DETERMINING WORKING LENGTH OF THE ROOT CANAL

**Resume:** Unable to spend quality endodontic treatment does not measure the working length of the root. Correctly measured working length of the root canal prevents incomplete root canal filling and removal of the filling material in the root apex . Purpose of this work is the definition and measurement of the working length of the channel for a short time and his approbation . Template printed on standard estimates of the lengths of each tooth - the average , minimum and maximum . Line produced from graph paper to applied rates were the lowest length distortion . In the upper part of the pattern of teeth and are of the formula respectively plotted for each tooth length of these teeth . The template has the following dimensions: length - 12 cm, width - 5.5 cm.

Using a special template-line developed by medical interns working length determined the root canal teeth with endodontic treatment. Showing the ease of use, ease of manufacture.

**Keywords:** endodontic treatment, pattern-ruler to measure the length of the canal work, the standard length of root canals